ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru | университет студенттерінің үні | № 12 (492) 29 қазан 2020 жыл

## БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

**АЛДАҒЫ МЕЖЕ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛУ**

Түркі әлемінің жастарының ортақ шаңырағына айналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Ерекше мәртебеге ие болған жоғары оқу орны. Енді әлемдік ең үздік университеттер қатарынан орын алуды мақсат тұтады. Университет ректоры Болатбек Абдрасилов осы мақсатта жүргізіліп жатқан шаралар мен атқарылып жатқан жұмыстарды көпшілік алдында есеп таныстырды.

2 бетте

**BOLASHAQ BOOKS ЖОБАСЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ**

9 қазан күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми кітапханасында «Bolashaq Books» жобасы аясындағы кітап сөресінің Түркістан облысындағы ресми ашылуы өтті.

3 бетте

**ӨМІРДЕ АКТЕР ЕМЕСПІН**

- дейді актер, режиссер, Т.Жүргенов атындағы колледждің ұстазы Мерей Маханов. Көпшіліктің көңілінен шыққан «Көктарландары» телехикаясынана таныс Мерей Махановпен болған онлайн - сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз

4 бетте

**ЖЫЛ СТУДЕНТІ**

Журналистика мамандығының 2-курс студенті Сандуғаш Бектұрова Нұр-Сұлтан қаласында Ұлттық инновациялық орталық ұйымдастырған республикалық эссе конкурсына қатысып (жетекшісі және эдвайзері проф. Б.Сердәлі), қазылар алқасының бірауызды шешімімен «Жыл студенті» атанды.

8 бетте

# Түркияның ұлттық мейрамы – 29-қазан Республика күні құтты болсын!




Түркияның ұлттық мейрамы – 29-қазан Республика күні құтты болсын!
Бауырлас түрік халқына бейбітшілік пен бақ-береке тілеймін!
Өзара құрмет пен бауырластыққа негізделген Қазақстан мен Түркияның достық қарым-қатынасы еселеп арта берсін! Екі мемлекеттің мызғымас достығының символы — Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті дамып, өркендей берсін!
Türkiye'nin milli bayramı – 29 Ekim Cumhuriyet Bayramı kutlu olsun!
Kardeş Türk halkına barış ve bol bereket diliyorum!
Temelinde karşılıklı saygı ve kardeşlik olan Kazakistan — Türkiye dostluğunun daimi ve güçlü olmasını temenni ediyorum!

**Болатбек Абдрасилов,**
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық**
**қазақ-түрік университетінің ректоры**

## ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІМЕН ОНЛАЙН-КЕЗДЕСУ ӨТТІ

**Жақында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглунын қатысуымен жаңа оқу жылының басталуына байланысты алқалы жиын онлайн режимінде өтті.**

Ашылу рәсімінде Өкілетті Кеңес төрағасы М.Шимшек оқытушылар мен студенттерді жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, жиынға арнайы қатысқан министрге алғысын білдірді.

Мевлют Чавушоглу өз сөзінде, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2020-2021 оқу жылының басталуымен құттықтап, Ахмет Ясауи бабамыз және Абайдың мұрасы мен аманатына айналған оқу ордамызды Түркия-Қазақстан достығының ең үлкен нышаны деп бағалады. Университеттің Ясауи бабамыздың мекені, Түркі әлемінің рухани астанасы Түркістанда орналасуының ерекше мағынасы бар екенін айтты. 1992 жылы екі ел тарапынан бірге іргетасы қаланған университет екі мемлекет тарапынан әрдайым қолдау табатынын және Ахмет Ясауи мұрасының қорғалатынын жеткізді. Сөзінің жалғасында министр:

«Университетіміз 30 жылдың ішінде Түркі әлемінің жетекші оқу ордаларының біріне айналды. Университеттің ерекше статусы және халықаралық мәртебесі оқу ордамыздың сапасының дәлелі. Бұл мәртебелердің сақталуына Қазақстан тарапының да қолдау көрсетуі біз үшін өте маңызды.

Президентіміз Реджеп Тайп Ердоған мен ҚР Тұңғыш Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арасындағы ерекше достық — екі бауырлас елдің ынтымақтастығын берік тұғырлармен бекітті. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Елбасы Назарбаевтың көреген саясатын жалғап, жоғары деңгейдегі табысты жұмыстар орындап жатқанына куәміз».

Министр: «Бауырлас елдермен жақсы қарым-қатынаста болу біздің басты міндетіміз. Қазақстан біздің ортақ университетіміз орналасқан Түркістанды түлетіп жатқаны, осы қасиетті мекенді Түркі елдерінің маңызды орталығына айналдырып жатқаны бізді қатты қуантады. Осындай қаланы әлеммен байланыстыратын әуежайды Түрік фирмасы салып жатқаны біздің еліміз үшін ерекше мәртебе».

Жалғасында Министр М. Чавушоглу халықаралық саясат бойынша күн тәртібіндегі өзекті мәселелерге тоқталып өтті. Сөзінің соңында ӨК төрағасы Мухиттин Шимшек бастаған топқа, ректор Болатбек Абдрасиловқа, ректор өкілі Женгиз Томарға және барша университет ұжымына жасаған қызметтері үшін алғысын білдірді.

Жиынның жалғасында университет ректоры Болатбек Абдрасилов сөз алып, осындай күрделі жағдайда уақытын бөліп, университет ұжымына арнайы конференция бергені үшін министр М.Чавушоглуна алғысын білдірді. Оған қоса, 19 ел мен 40 ұлт пен ұлыстан келген Түркі әлемі жастарының ортақ білім мен ғылым, достық пен бауырластық шаңырағына айналған оқу ордамыздың жетістіктері туралы қысқаша мәлімет берді.

ЕСЕП

# АЛДАҒЫ МЕЖЕ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛУ



**Түркі әлемінің жастарының ортақ шаңырағына айналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде 19 елден келген 40-тан астам ұлт пен ұлыстың өкілдері білім алуда. Жыл басында Ерекше мәртебеге ие болған жоғары оқу орны енді әлемдік ең үздік университеттер қатарынан орын алуды мақсат тұтады. Университет ректоры Болатбек Серікбайұлы Абдрасилов осы мақсатта жүргізіліп жатқан шаралар мен атқарылып жатқан жұмыстарды көпшілік алдында таныстырды.**

Еліміздің ғана емес әлемнің түкпір-түкпірінен келіп білім алатын оқу орданың тыныс-тіршілігі карантин уақытында қызбаса, тоқтаған жоқ. Білімгерлер қашықтықтан білім алып жатқанымен басшылық, ұстаздар мен университет қызметкерлері болашақ үшін тынбай еңбек етуде. Қазанның 28 жұлдызында өткен университет ректорының бір жылдық есеп беру жиынында оқу орданың тыныс-тіршілігін қызықтырған халықтың қарасы көп болды. Жиынға облыс және қала әкімдік өкілдері, облыс және қала мәслихат хатшылары мен депутаттары, зиялы қауым өкілдері, университет оқытушы-профессорлары мен қызметкерлері, ата-аналар мен студенттер офлайн және университеттің әлеуметтік желілері арқылы онлайн режимде қатысты.

Университет ректоры қазіргі елдегі карантинге байланысты білімгерлердің қашықтықтан білім алуына алаңдаған ата-аналар мен көпшілікті мазалаған сұрақтарға жауап беру және университеттің алдағы қойған мақсаттары мен атқарылған жұмыстарды көпшілікке таныту мақсатында бір жылдық атқарылған жұмыс барысын баяндады. Есеп нақты статистикаға негізделіп және оқу процесін бару барысы тікелей бейнероликтер арқылы көрсетілді. Айта кетсек, оқу орнының жетістіктері, материалдық-техникалық базаны дамыту, университет инфрақұрылымы, қаржыны игеру, жалақы мәселесі, контингент, қашықтықтан білім беру жүйесінің барысы, ғылым саласы, университеттің клиникалық-диогностикалық орталығының қызметі, тағы да басқа да салалардың жұмыстары қамтылды.

Сонымен қатар табиғат апатына тап келген Арыс пен Мақтааралға университет көмек қолын созып 10 тонна гуманитарлық көмек жөнелтті және пандемия кезінде науқастанған университет қызметкерлеріне емдік шара үшін қыржылай-материалдық көмек көрсетіліп, демалыс-сауықтыру орындарына жолдама бөлінгендігін де айта кеткен де жөн.

Соның ішінде ең маңыздысы, бүгінгі таңда білімгерлерге қашықтықтан білім беру сапасы туралы айтылды. Атап айтқанда, дүниежүзінде орын алған пандемияға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізде төтенше жағдай енгізу туралы Жарлығына байланысты Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 2019 жылдың 16 наурызнан бастап оқу процесін толықтай қашықтықтан оқыту жүйесіне көшірді.

«Университетімізде 5 жылдан бері сәтті жұмыс жасайтын Түркия Республикасының ең озық қашықтықтан оқыту жүйесі ТурТЕП негізінде құрылған КазТЕП қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша барлық оқу түрі онлайн жүйесіне уақтылы әрі сапала көше білді.

Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы барлық дәрістердің электронды контентін жасап, қашықтықтан оқыту жүйесіне енгізді. Дәрістер үшін Zoom, Cisco Webex бағдарламалары арқылы жүргізіп, студенттердің сабаққа қатысуы, дәріс барысындағы белсенділігі, берілген тапсырмаларды орындауы күнделікті қадағаланып, талдау жасалынып отырды, Университетіміздің қашықтықтан оқыту жүйесі студенттердің толық білім алуына мүмкіндік береді», - деді Болатбек Серікбайұлы.

Ректор атап өткендей, 800-ден астам пән бойынша 1000-нан астам оқытушы-профессор құрамы дәріс жүргізіп, 10 000-ға жуық білімгер білім алып жүр. Университетте қашықтықтан оқыту жүйесін сапалы жетілдіру мақсатында серверлер жүйесін жаңартып, интернет жылдамдығы арттырылды. Кампустар мен жатақханалар кең жиілікті интернет желісімен қамтамасыз етілді. Бір уақытта орташа есеппен 6000 қолданушы жүйеде жұмыс жасауына мүмкіндік жасалынды.

Сондай-ақ, Болатбек Серікбайұлы университеттің стратегиялық даму жоспарымен таныстырды. Атап айтқанда, еліміздегі үздік он жоғары оқу орындарының қатарына енген университетімізді әлемдік үздік оқу орындарының деңгейіне көтеру, жаңа мамандықтар ашу, 2021 жылы студенттік университет жатаққана салу, басқа да маңызды атқарылатын жұмыстарды жоспарлап, бірқатары осы жылы басталып жатқанына тоқталып өтті.

Шара барысында ректорға онлайн және офлайн түрінде сұрақтар қойылды соның бірқатарына тоқтала кетсек.

Қалалық мәслихат депутаты, Түркістан педагогикалық колледж директоры Айдос Аппазов университеттің мүмкіндіктерін айта отырып, колледж мұғалімдерінің білімін арттыру мақсатында магистратурада оқыту үшін квота қарастыруды, бірлескен әдістемелік бірлестік құруды, сонымен қатар университеттің IT мамандары соңғы цифлық технологияларды игеруге колледж мамандарына көмек берсе деген өтінішін білдірді. Ректор А.Аппазовтың ұсыныстары мен өтініштерін қолдап, университет тарапынан көмек көрсетуге дайын екендігін жеткізді.

Қалалық әйелдер кеңесінің төрайымы Ұлжан Мұстафаева университетте қызмет ететін көп балалы аналарға қандай көмек көрсетіліп жатқандығын сұраса, Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Индира Ғаппарқызын сабақтан тыс уақытта студенттердің қалай уақыт өткізетіндігі қызықтырды. Ректор қойылған барлық сұрақтарға тұщымды жауап қайтарды.

Сонымен қатар жиынға қатысушылар мен ата-аналар оқу орнымыздың бір жылда атқарылған жұмысына оң баға беріп, алғыстарын білдірді.

Айта кетейік, биылғы жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен университет Ерекше мәртебеге ие болды. Университеттің ерекше мәртебесі үлкен академиялық және басқарушылық дербестік бере отырып, Ph.D. философия докторы мен сала бойынша доктор дәрежесін тағайындауға, білім беру бағдарламаларының мазмұнын анықтауға және жеке үлгідегі дипломдарды беруге мүмкіндік жасады. Білім беру грантының құны да артты. Бұл профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысын арттыруға және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жаңартуға мүмкіндік берді. Бұл шаралардың барлығы университетке ғылыми және педагогикалық кадрларды тартуға, осы аймақтың дамуына серпін беріп, оның алдына қойылған мақсаттарға жетуге ықпал етуде.

Университетте 19 елден келген 40 астам ұлт пен ұлыстың 1500 жуық шетел азаматы білім алады. Түркия, Болгария, Венгрия, Албания, Босния, Герцеговина, Косово, Әзірбайжан, Ресей елдерінің студенттері еш кедергісіз университеттің қашықтықтан оқыту жүйесі арқылы білім алуда.

Қазіргі қашықтықтан білім беру жүйесінің сапасы соңғы нәтижелер көрсеткендей дәстүрлі білім беруден жоғары болмаса, кем еместігін көрсетіп отыр.

## БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН БІЛІМГЕРЛЕР САНЫ

**Білім беру бағдарламаларының (мамандық) саны 72 %-ға өсті** (2018-100)

| Білім деңгейі | 2018 | 2019 | 2020 |
|---|---|---|---|
| бакалавриат | 54 | 73 | 80 |
| магистратура | 30 | 54 | 62 |
| докторантура PhD | 11 | 15 | 15 |
| резидентура | 5 | 9 | 15 |
| **Жалпы** | **100** | **151** | **172** |

**Контингент 10%-ға өсті**

| ОҚУ ЖЫЛЫ | 2017-18 | 2018-19 | 2019-20 | 2020-21 |
|---|---|---|---|---|
| Контингент | 7947 | 9107 | 10113 | 10317 |
| Жоғары білімнен кейінгі білім алушылар үлесі | 3.7% | 4.5% | 5.2% | 7,0% |

## ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ РЕЙТИНГТЕРДЕ (2020)

**213 орын** — **Quacquarelli Symonds** (QS) EECA «Дамушы Европа және Орта Азия» рейтингінде **350 университеттен**

**11 орын** — **Европа Ғылыми-Өндірістік Палатасының** (ARES-2019) ЖОО рейтингінде **94 ЖОО арасынан (A+)**

**18 орын** — **ВЕБОМЕТРИКС бойынша 100 университеттет**

**9 орын** — **«Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің»** (НААР) ЖОО рейтингінде **87 ЖОО арасынан**

**IQNet** Халықаралық сертификация жүйесінің әріптесі – Түркия Стандарттар Институты тарапынан 3 жылдық ISO 9001:2015 халықаралық стандарт сертификаты берілді (2018ж).

**7 орын** — **IAAR EURASIAN UNIVERSITY RANKING**

# АБАЙ ҚАРАСӨЗІНДЕГІ ДІНИ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ ЖАЙЛЫ ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР ӨТТІ

**Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен «Абай қара сөзіндегі діни терминдердің қолданысы» тақырыбында ғылыми семинар өтті.**

Семинарда баяндама жасаған ғалым, ф.ғ.к. Н.Мансұров ақын мерейтойының қарсаңында Абай жайлы айтылған ойлар мен зерттелген дүниелердің маңыздылығын айта келіп, өзінің де Абай қарасөздеріне тілдік тұрғыдан зерттеу жасап, діни терминдердің маңызы туралы тың жаңалықтары барын жеткізді.

Абай Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзіндегі адам өзін ғылымға бейімдейтін болса, сонда ол Алланың ілімін таниды, өзін таниды һәм мына дүниені жақсы тани бастайды. Оның ғылым үйренушілеріне берген осы үш жақты байланыстарын (Алла, адам, дүние) қарап, Қожа Ахмет Иасауидің прициптерінен алған әсерлеріне көз жеткізуге болады. Екеуінің мақсаттары да бір-біріне ұқсас. Себебі, Абайдағы «толық адам» түсінігі Иасауи ілімінде «кәміл инсан» мазмұнында тарқатылған. Иасауидің тұжырымында адамның Алланы шын мәнімен танымақтығы, оның дүниедеісі түгіл көңілін жамандыққа қимайтын ғылымға ғашық жан болатынын ұқтыру. Ислам дінінің ең маңызды тіректерінің бірі иман-итиқад мәселесі. Алла тағаланы тануда сипат екіге бөліп түсіндіріледі. Олар зати (6 сипат) және субути (8 сипат) сипаттар. Абай Құнанбайұлы адам баласының ғылымға көңіл қоюды жас кезден бастау керектігін айтса, сөзінің жалғасында ғылымда тура жол арқылы ізгілікке жететіні жөнінде ғалым айрықша тоқталды. Абайтанушы ғалымдардың зерттеулерінен бірнеше мысал келтіріп, ойын түйіндеді.

Семинарға қатысушылар тарапынан туындаған сұрақтар Абай қарасөздерінің діни сипаты мен концепциясын ашуға зор септігін тигізді. Онлайн семинар соңында Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Булент Байрам баяндамашы Н.Мансұровқа алғыс білдіріп, шығармашылық табыстар тіледі.

**Түркология ғылыми-зерттеу институты**

# Жас журналистерге Бейсен Құранбек атындағы стипендия тағайындалды



**Қазақ телевизиясының тарланы, журналист Бейсен Құранбек туралы естеліктер жинақталған кітаптың таныстырылымы оқу ордамыздың ғылыми кітапханасында өтті. Жер жәннаты Жетісу өңірінен түркі әлемінің бесігі Түркістан шаһарына жеткен «Біздің Бейсен» барлық кітапхана төрінен орын алмақ. Жаңа кітапты оқырмандар оқу орнымыздың кітапханасынан алып, оқи алады.**

Кітапта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айтуынан басталып, танымал ел ағаларының естелігі, замандастарының толғаныстары, ақындардың арнау жырлары, қарапайым көрермендердің ыстық ықыласы мен сағынышы топтастырылған. Қарапайымдылығымен қалың қазақтың есінде қалған қоғам қайраткеріне арналған туындының тұсаукесері дара тұлғаның Түркістан облысындағы әріптес, дос, замандастарының басын қосты. Халқының жанына жалау болған Бейсеннің болмысын танытатын оқиғаларды еске алып, әсерлі естеліктердің тиегін ағытты. Сонымен қатар рухани жиынға университетіміздің Журналистика кафедрасының белсенді жастары қатысты.

Еркін форматта өткен кездесуде сөз алған Бейсен Құранбектің курстасы, ҚР Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалының төрағасы Ғалымжан Елшібай, Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің журналистика кафедрасының студенттеріне Бейсен Құранбек атындағы 3 стипендия тағайындалатынын жеткізді.

Кездесу соңында «Біздің Бейсен» естелік кітабы университет кітапханасына және журналистика кафедрасына сыйға берілді. Жинақ қазақ елінің біртуар перзенті, тележурналистика тарланы – Бейсен Абайұлы Құранбекті құрметпен еске алушы қалың көпшілікке арналған.

# «BOLASHAQ BOOKS» ЖОБАСЫ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ



**9 қазан күні Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми кітапханасында «Bolashaq Books» жобасы аясындағы кітап сөресінің Түркістан облысындағы ресми ашылуы өтті.**

Жиынға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті Болатбек Абдрасилов, I-вице президент Ж.Томар, Түркістан қаласының әкімі Рашид Аюпов, «Bolashaq» қауымдастығының атқарушы директоры Лаура Демесінова, «Tengri comics» комикстер баспасының негізін қалаушы Бекзат Мырзахметов және университеттегі «Болашақ» бағдарламасының түлектері мен белсенді студенттер қатысты.

«Bolashaq Books» жобасының негізгі мақсаты – қоғамдық кітап сөрелерінің санын арттыра отырып, маңызды кітаптарды кез-келген адамға қолжетімді ету және оқырмандар санын көбейту. «Bolashaq Books» әлеуметтік маңызы бар жобасы осы жылы өз ауқымын кеңейтуде, енді еліміздің барлық өңірлерінде, қоғамдық кітаптар желісі пайда болады, кем дегенде 20 сөре орнату жоспарланып отырғандығы жиын барысында айтылды.

Бұл жоба «Bolashaq» Қауымдастығы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ-ның мемлекеттік гранты аясында Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен іске асырылады. Жиын соңында қонақтар авторға сұрақтар қойып, қолтаңбасы бар комиксті сыйға алды.

# ENGLISH LANGUAGE FELLOW PROJECT БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖОБА БАСТАЛДЫ

**Университетіміздің Филология факультеті Педагогикалық шетел тілдері кафедрасының 3 курс студенттеріне АҚШ елшілігінің English Language Fellow Project бағдарламасы бойынша Теннесси университетінің оқытушысы Каролойн Идеус онлайн сабақ беруді бастады.**

Бұл жобаға жалпы 53 студентке қатысуда, сонымен қатар, кафедра оқытушылары да Каролайн Идеуспен тәжірибе алмасады. Еске сала кетейік, 2019 жылдың қараша айында Қазақстандағы АҚШ елшілігінің ағылшын тілі бағдарламасы бойынша (Орталық Азия) аймақтық офисінің директоры Джон Сильвер университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасиловпен кездесіп, English Language Fellow Program бағдарламалары бойынша ақпараттармен бөлісу, екіжақты әріптестік байланысты нығайту жолдары мен алдағы жоспарларды талқылаған болатын. English Language Fellow Program бағдарламасы бойынша АҚШ-тан арнайы маман келіп, 10 ай бойы оқу орнымыздағы ағылшын тілі мамандықтарының студенттеріне сабақ береді, оқытушыларға арналған семинарлар мен тренингтер өткізеді. Сонымен қатар, ағылшын тілі бойынша тәжірибесімен бөлісіп, оқытушыларымыздың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізеді деп жоспарланған болатын. Әлемде болып жатқан қазіргі жағдайға байланысты бұл жоба онлайн форматында жүзеге асты. Бүгін Каролайн Идеус English Language Fellow Project бағдарламасы бойынша онлайн форматында алғашқы сабағын бастады. Студенттер белсенді түрде Америкалық мұғаліммен сөйлесіп, тез тіл табысты. Ағылшын тілі мамандығының 3-курс студенттері аптасына 8 сағат English Language Fellow Project бағдарламасы бойынша білім алатын болады.



## СТУДЕНТТІК ЖАЗБАЛАР

# «ӨМІРДЕ АКТЕР ЕМЕСПІН»



**Мерей Маханов - актер, режиссер, Т.Жүргенов атындағы колледждің ұстазы. Мектепте оқып жүргенімде ол кісі бой көрсеткен «Көк тарландары» телехикаясын сүйіп тамашалайтынмын. Қазіргі таңда еліміздегі пандемияның салдарынан онлайн жүйеге көшіп жатқандығымызға байланысты Мерей Махановпен онлайн жүйеде сұхбаттасқан едім, назарларыңызға ұсынамын.**

**- Мерей мырза, уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін сізге рахмет. Қазіргі таңда шығармашылығыңызда қандай жаңалықтар бар?**

- Қазіргі уақытта "Менің мектебім" атты телехикаяның түсірілімін аяқтап, соны монтаждап, көрерменге дайындап Қазақстан Ұлттық арнасына тапсырып жатқан жайымыз бар. Одан бөлек, Тамара Асар ханымның "Мен бір бейбақ жанмын" деген әніне бейнебаян түсірдік. Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы, Абай атамыздың 175 жылдығына, Ұлы Отан соғысының жеңісіне 75 жылдығына орай, сондай-ақ басқа да айтулы мерекелерді біріктіре отырып Әбдіжаппар Әлқожа мен Төреғали Төреәлі бауырымыздың дуэтіне бейнебаян түсірдік. Оларды қазір Хабар арнасынан және басқа да отандық телеарналардан көрсетіп жатыр. Бақытжан және Тахмина деген жас дуэттерге бейнебаян түсіріп деген сияқты сондай жұмыстар атқарып жатырмыз. Сонымен қатар өзім оқыған ордам, киелі қазақ өнерінің қарашаңырағы, яғни Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының колледжінде студенттерге дәрес беремін. Биыл олар 2-ші курс. Осылай жұмыс жалғасуда.



**-Өнер жолына ең алғаш қашан келдіңіз?**

-Өнер жолына анамның ішінде болған кезімде келген шығармын. Өйткені, менің әкем М.Әуезов театрының актері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, "Жастар" сыйлығының лауреаты, мәдениет қайраткері Жұмағали Маханов деген кісі. Кезінде "Ұят болмасын" бағдарламасында жүргізуші болған. Көзіне көзілдірік тағып алып, маңдайындағы шашын жүрек қылып айналдырып алатын, «әйелімнен қашып жүрмін» деп тауықтардың арасынан, телефон будкасынан шығатын. Әкем, М.Әуезов театрында "Бес бойдаққа бір той", "Ақ көме", "Ана - жер ана", "Турандот ханшайым" , тағы да көптеген спектакльдерде басты рөлдерде ойнаған болатын. Ол кісі Шолпан Жандарбековадан, Есім Сегізбаевтан, Тілектес Мейрамовтардан тәлім алған. Ал анам Хадиша Бөкеева, Тұңғышбай әл-Тарази сияқты ұлағатты ұстаздардан, өнер майталмандарынан білім алған.

Кішкентай кезімнен әкем актер болғандықтан театр сахнасында әкеммен ілесіп барып жүрдім. Көпшілік сахналарға бірге киндіріп шығаратын. Одан кейін кішкене рөлдер ойнай бастадым. 6-7 жасымнан бастап сол секілді Қазақстан ұлттық арнасының балаларға арналған бағдарламаларында, одан кейін 4-5-6 сыныптарымда Хабар агенттігінің "Ұзын құлақ" деген балаларға арналған бағдарламасы болатын, сол жерде жүргізуші болдым. Кинолар мен жарнамаларда кішкентай кезімнен ойнап жүрдім.

**-Болашақ армандарыңыз қандай?**

- "Армансыз адам ормансыз бұлбұл" дейді. Арман өте көп. Ол ұлы армандарды мақсатқа айналдырып, жетуге тырысамыз бұйыртса. Абай атамыз айтпақшы, мен бір жұмбақ адаммын ғой. Оны жұмбақтап қояйын. Уақыт өте келе оны БАҚ-тан, менің инстаграм парақшамнан оқи жатарсыздар. Бір іс, менің ойлаған арманым орындалғанша мен оны жариялағым келмейді. Орындалғаннан кейін оны жарияласаң болады. Сол себепті әзірге құпия, жұмбақ бола тұрса, айып етпессіз. Оған ренжімейтін шығарсыздар деген ойдамын.

**-Актерлік өнеріңізді кейде өмірдегі түрлі жағдайларда пайдаланып, тығырықтан шыққан кездеріңіз болды ма?**

- Шынайы өмірде актерлық өнерді қоспаймын. Өйткені оның арнайы қолданылатын жері бар, яғни сахнада, болмаса кинода.

**-Әдетте сахна сыртында немесе қойылым үстінде актерлер түрлі қызықты жайттарға тап болып жатады. Есіңізде қалған сондай бір ерекше жағдай бар ма?**

- Ондай сәттер "Мыңбалада" , "Көк тарландарында» көп болды.

**-Әсерлі сұхбатыңызға көп рахмет, шығармашылығыңызға толағай табыстар тілеймін!**

**Гүлжан НИЯЗОВА**
**1-курс студенті**

# «Мен журналист болатын едім»

**«Егер тағы да мамандық таңдауға мүмкін берілсе, ойланбастан журналист болатын едім», – дейді Түркістан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының баспасөз хатшысы, журналист Ақмарал Ғаниқызы.**

**– Ақмарал әпке, қайда білім алдыңыз ?**

– Негізі менің журналистикаға деген қызығушылығым мектеп кезінде басталды. Арман қуып Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Журналистика мамандығына 2007 жылы түсіп, 2011 жылдары бітірдім. Грант негізінде оқыдым.

**– Ақмарал әпке, журналистік еңбек жолыңыз қалай басталды?**

– Оқуды бітірген соң білім алған университетім жұмысқа шақырды. Университеттің Ақпарат орталығында баспасөз хатшысы болып алғашқы қызметімді бастадым. Ол кезде ректор Лесбек Ташимов болатын. Мамыр айында бітірсек, мен жұмысқа қазан айында кірісіп кеттім. Ақпарат орталығында 1 жыл жұмыс істедім. Одан кейін Түркістан қаласындағы жергілікті Тұран-Түркістан телеарнасына жұмысқа ауыстым. Ол жерде мен диктор әрі журналист ретінде қызмет атқардым. Телеранада студенттік уақытта өндірістік іс-тәжірибеден өтіп тұратынбыз және сабақтан тыс уақытта сонда барып біз жұмыс жасайтынбыз. Бірге оқитын үш-төрт қыз болып сол жерге барып жұмыс жасап, күнделікті ақшамызды алатынбыз. Сол үшін ол телеарна маған жақын болды және сонда жұмысқа қабылдануым оңай болды. Солай мен телеарнада табан алмай үш жыл жұмыс істедім.

Түркістан қалалық білім бөліміне қарасты, яғни мұғалімдер мен оқушыларға арналған «Ұстаз» және «Түркістан ұланы» деген екі бірдей басылым бар. Мен «Ұстаз» газетінде корректор әрі журналист қызметін атқардым. Бертін келе 2019 жылы қаламыз «облыс» статусын алып, өсу даму болғаннан кейін өзімнің қызметтік сатымды облыстық деңгейге көтерейін деп, осы Түркістан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясына баспасөз хатшысы болып қызметке тұрдым. Қазіргі таңда сол жерде баспасөз хатшысы болып жұмыс жасаймын.

**– Мамандық таңдауға екінші рет мүмкіндік берілсе, қай мамандықты таңдар едіңіз?**

– Егер де маған тағы да бір өмір беріліп, болмаса қайтадан студенттік шаққа ораласың, қандай мамандық таңдар едің? - десе мен тағы да журналист мамандығын таңдайтын едім. Өйткені бұл мамандық, менің жүрек қалауыммен таңдалған мамандық.

**– Қандай журналистерді өзіңізге үлгі тұтасыз?**

– Дана Нұржігіт, Бейсен Құранбек, Дина Төлепберген. Осы облыс аймағында маған жаныма жақын журналист әрі ұстазым Бекжігіт Сердәлі.

**– Журналист болғысы келген жандардың бойында қандай қасиет болуы қажет және болашақ журналистерге қандай кеңес берер едіңіз?**

– Ең әуелі мамандыққа деген махаббат. Одан кейін сенімділік. Ал журналист жедел әрі шынай ақпарат жеткізе білуі керек.

– Сұхбат бергеніңізге көптен көп рахмет. Сізге алдағы уақытта шығармашылық табыс және сарқылмас шабыт тілеймін!

**– Өзіңе де рахмет! Оқуыңды сәтті аяқтап, мықты маман иесі бол! Тек ақиқатты айтар, шындықты жазар журналист бол!**

**Шолпан Сейнасипова,**
**1-курс студенті**



# ШЫҒЫСТАҒЫ ҚАРАҒАЙЛЫ ҚАРТ АЛТАЙ

Шынайы сағыныштан туған жүрек жарлығына бойсынбас пенде болған ба? Жан дүниемнің беймәлім шалғайларынан сағыншым бұрқ ете түсті. Уақыт деген пенденің уысында тұрған ба? Туған жерімнен алыстағаныма да биыл үшінші жыл толды. Белгілі жазушы Жүсіпбек Аймауытов айтқандай «Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар» демекші, қарт Алтай тауының шығыс бөлігі бой көтерген Қытай елінде туып-өскенмін.

Адам өмірге шыр етіп келген сәттен, арман атты тұлпардың тізгінін ұстайтыны бәрімізге белгілі. Сол арманымның жетегімен туған жерімнен алыстап, 2017 жылдың қазан айында Қазақ еліне оқуға түскен едім.

Кең дүниенің кемшілігі болмай тұрмайды ғой! Содан бері күндерім сағынышпен өтуде… Әр күні .... Батар күн шашыраған қан-қан сәулесін, бір арнаға тоғыстырып, қара көлеңке ұялап, көк пердесін сырғытып,түнгі әлемге шам шырақ болған Айсұлу, жауыннан кейінгі бүр жарған жауқазындай гүлденіп, балапандарын ертіп, қанатының астына алып келе жатқан ақ қаздай, самсыған жұлдыздармен бірге, әуеге көтерілген шағында, менің де ауылыма деген сағынышым арта беретін еді.

Бүгін де бір тілсім сағыныштың жетегінде шығысты бетке алып жүріп кеткім келіп тұр. Бір ұлы күш мені өзіне тартып тұрғандай. Туған жер қайдасың деп іздеп кеткім келді. Амал не. Арамызда буырқанып арнасынан тасып ағып жатқан өткелсіз қара теңіздей, қара қақпаны ойласам жаным жылап қала беремін.Тордағы боз торғайдай шырылдап ұшуға дәрменім жоқ, аласұрып тұрамын, екі таудың баурайында күн кешіп жатқан туған-туыстарымды, бала күнімнің ұмытылмас естелігі болып қалған жан достарымды, қырқасынан гүл теретін, қойнауында төрт-түліктің мыңырған үні, сай-саланы жаңғыртып жататын жайлауымды, кіндік-қаным тамған ауылымды бір көргім келгелі қашан?!«Жыр емес ау! мұң толғаймын мен әр шақ» демекші… Әттең арман! Темір тордың ары жағында қалғандай, тілдесуге,жүздесуге орай болмаған осы күндерім қашан өлімсіреп өтеді екен деші!?

Болдым ғашық туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем арманым сен аңсаған.
Жақын жүрсем, мен төрінде рахаттың,
Алтын-діңгек өзім туған босаға, – деп Қасым Аманжолов жырлағандай. Менің де бұл күні қаламымнан ауылыма деген сағынышты жырларым төгіле бастады. Уа! Туған-жер…нектен ыстықсың деші!

Өзің баптап ұшырған құсың едім,
Кіріп жүрсің бұл күні түсіме мың.
Жат өлкенің бал қосқан суын емес,
Қара суыңды келеді ішіп өлгім.
Арман бар ма?
Ақырғы рет болса да әз-Анамның құшағында жатқандай жұпары аңқыған бөктерінде аунап-құнап, бала күнімді есіме алып, топырағының иісін-иіскеп сағынышымды бір басып қайтар болсам....

Мұңға батып көрмеген дала мұндай,
Гүлге толған жәйнамай атырабы.
Жырға құпті ақынның қаламындай,
Мың ойланып,мың толғанып ақ ұрады.
Күйзеліске түскендей күңіреніп,
Күйреп іштей толғансыта жатыр әне.
Қарағайлы қарт алтайдың тасы түгіл,
Аңсап жүрмін бір түйір топырағын.

Міне, осылай армандаумен әр күнім өтуде. Сағынштың құшағында көз іліп, сарғайа ататын таңды сазды сағыныштың бесігінде тербеліп қарсы аламын. Шығыстағы қарағайлы қарт Алтайға көз сата қараумен келемін.

Жан сарайымдағы сұрақтардың,
Жауабын іздеуменен мың ақтардым.
Ақ парағын өмірдің,
Соңында жылап қалдым!

**Қағыбат БӨКЕНҰЛЫ**
**3-курс студенті**

# АДАМ - КӨК СИЯЛЫ ҚАЛАМ СЕКІЛДІ

(қиялға ерік бергенде)

Алғашқы сөзімді неден бастарымды білмей тұрмын... Ойым дәл қазір, бір шар секілді толқып тұр. Іші толған ауа. Сол ауаны шығару мақсатында күнделік дәптеріме бетпе-бет отырып, көк сиялы қаламымды қолыма алдым. Үй іші күнделікті күйбең тіршілікпен айналысуда. Еш өзгеріс жоқ. Бір күніміз, екінші күнге ұқсас. Бөлкім бұл үй ішіндегі қалыптасқан тыныштық пен берекенің әсері болар. Өйткені, мені аса бір толғандырып отырған мәселе жоқ. Бұл тыныштық әсерінен, біреу уақытты тоқтатып, адам санасын басқарып отырғандай. Осы сәтте қолымдағы қаламым ойымды оқып тұрған секілді сезілді.

